«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын әкімшілік-құқықтық реттеу: ұлттық және халықаралық аспектілері» тақырыбындағы Карипбаев Жасулан Болатбековичтің диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Соңғы жылдары кәмелетке толмағандардың интернетті және әлеуметтік желілерді кеңінен қолдануына байланысты олардың кибер кеңістікте құқық бұзушылықтарға тартылу деңгейі артып отыр. Кибербуллинг, кибералаяқтық, заңсыз контент тарату сынды әрекеттер құқық қорғау және білім беру салаларында күрделі проблемалар туындатуда. Бұл жағдай әкімшілік-құқықтық жауапкершілік пен алдын алу шараларын қайта қарастыруды талап етеді.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі – Қазақстанда кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын реттейтін құқықтық базаның жетілмегендігінен және халықаралық тәжірибені енгізу қажеттігінен туындайды. Автор бұл мәселені кешенді талдап, ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан маңызды ұсыныстар ұсынады.

Зерттеудің мақсаты. Кәмелетке толмағандардың Кибер құқық бұзушылықтарын әкімшілік-құқықтық тұрғыда кешенді зерделеу, осы саладағы ұлттық заңнама мен құқық қолдану тәжірибесінің тиімділігін бағалау, халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, Қазақстан жағдайына бейімделген ғылыми-негізделген ұсыныстар әзірлеу.

Негізгі ғылыми нәтижелер. Зерттеу барысында автор Қазақстан Республикасы заңнамасына салыстырмалы құқықтық талдау жүргізіп, АҚШ, Германия, Оңтүстік Корея және Балтық елдерінің кәмелетке толмағандарға қатысты әкімшілік шаралар мен алдын алу механизмдерін саралаған.

Зерттеуде алғашрет кибер құқық бұзушылықты «цифрлық деликт» ретінде сипаттап, ӘҚБтК-гі нақты баптар мен критерийлер енгізу қажеттігі тұжырымдалған. Цифрлық дәлелдемелерді әкімшілік іс жүргізуде пайдалану тәртібін реттеу, ата-ананың жауапкершілік шегін нақтылау және балаларды қайта әлеуметтендіру тетіктерін заңнамаға енгізу жөнінде ұсыныстар берілген.

Зерттеу әдістері. Бұл жерде әдіснамалық база ретінде бірнеше тәсіл қолданылды. Біріншіден, диалектикалық әдіс тақырыптың үздіксіз өзгеріп отыратын цифрлық ортадағы сипатын ескеріп, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарын әлеуметтік ахуалмен және технологиялық даму үдерісімен байланыста талдауға мүмкіндік берді. Екіншіден, салыстырмалы-құқықтық талдау арқылы АҚШ, Германия, Оңтүстік Корея, Балтық елдері секілді мемлекеттер тәжірибесін Қазақстан заңнамасымен салыстырып, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін көрсеттік. Үшіншіден, статистикалық тәсіл ішкі істер органдары мен соттардың ресми деректерін (2020-2025 жж.)

жүйелеп, киберкеңістікте жасалатын құқық бұзушылықтардың ерекшеліктерін нақты сандар арқылы сипаттауға ықпал етті. Төртіншіден, құқықтық-нормативтік талдау арқылы "Баланың құқықтары туралы" заңның 2022 жылғы редакциясы, ӘҚБтК-нің жаңа баптары және халықаралық деңгейде қабылданған Budapest Convention on Cybercrime, Lanzarote Convention, UNICEF және ЕҚЫҰ ұсынымдары қарастырылды.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы.

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіруде қолдануға болатын нақты ұсыныстарды қамтиды. Атап айтқанда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске кибербуллинг, онлайн алаяқтық және цифрлық алаяқтық сияқты жаңа құқық бұзу түрлерін енгізу; сондай-ақ Қылмыстық кодекс кәмелетке толмағандардың киберқұқық бұзушылықтарына қатысты арнайы нормалармен толықтырылуы ұсынылады (мысалы, жазаны жеңілдету немесе түзету сипатындағы шараларды қарастыру). Зерттеу материалдары құқық қорғау органдарының профилактикалық және тергеу қызметінде, сондай-ақ білім беру саласында қолданбалы мәнге ие. Полиция қызметкерлеріне, мектеп психологтарына, әлеуметтік педагогтерге және тәрбиешілерге арналған арнайы әдістемелік ұсынымдар әзірлеу және оқыту тренингтерін ұйымдастыру ұсынылады. Мұндай шаралар мектептерде интернет қауіпсіздігіне қатысты оқу бағдарламаларын енгізуді күшейтеді, сондай-ақ ата-аналар мен балаларға цифрлық сауаттылықты арттыру курстарын дамытуға ықпал етеді. Нәтижесінде ұсынылған шаралар кәмелетке толмағандарды интернеттегі қауіптерден қорғауға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға нақты үлес қоса алады.

Қазақстан жағдайында әрі қарай зерттеуді қажет ететін бағыттар айқындалды. Біріншіден, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы құқыққа қайшы жаңа әрекет түрлерін тудырып отыр, сондықтан заманауи қылмыстарды құқықтық реттеуді жүйелі түрде жаңартып отыру қажет. Өзекті мәселелердің қатарында жасанды интеллект пен виртуалды шындық (VR) технологияларын пайдалану арқылы жасалатын алаяқтықтар, блокчейн және криптовалюта құралдарын қолдану арқылы жасалатын қылмыстарға құқықтық жауап қалыптастыру бар. Екіншіден, жасөспірімдердің интернеттегі белсенділігі мен олардың психологиялық-әлеуметтік жағдайы арасындағы байланысты терең зерттеу маңызды. Бұл бағытта цифрлық тәуекелдерді бағалау әдістерін әзірлеу және жасөспірімдердің онлайн-құқық бұзушылыққа тартылуына жол бермейтін мінез-құлық модельдерін қалыптастыру қажет. Сондай-ақ балаларды интернет қауіптерінен қорғау бойынша ұлттық стратегияны жетілдіру мақсатында халықаралық тәжірибе мен цифрлық білім беру бағдарламаларын талдау ұсынылады.

Алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығын негіздеу.

Диссертациялық жұмыстың жаңалығы - кәмелетке толмағандардың киберқұқық бұзушылықтары ұлттық құқық шеңберінде алғаш рет дербес құқықтық категория ретінде қарастырылған; әкімшілік жауапкершілік, ата-

аналардың міндеттері және интернет-провайдерлердің рөлі арасындағы өзара байланыстар нақтыланған; халықаралық стандарттарды ұлттық ерекшеліктерге бейімдеу бойынша нақты ұсыныстар тұжырымдалған.

Біріншіден, кешенді талдау негізінде алғаш рет «кәмелетке толмағандардың киберқұқық бұзушылықтары» ұғымының анықтамасы нақты ұсынылып, оның құрамдас элементтері мен түрлері жүйелендірілді. Екіншіден, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасына жүргізілген жан-жақты талдау нәтижесінде кәмелетке толмағандардың киберқұқық бұзушылықтарына қатысты құқықтық олқылықтар мен қайшылықтар анықталып, жан-жақты сипатталды. Үшіншіден, жасөспірімдердің киберқұқық бұзушылықтарының алдын алу және құқықтық қорғау тетіктерін жетілдіруге арналған кешенді ұсынымдар әзірленді; олардың қатарында заңнаманы өзгерту, білім беру бағдарламаларын жаңарту және құқық қорғау қызметінің әдістемесін жетілдіру шаралары бар. Сонымен бірге жасөспірімдердің киберкеңістікте құқық бұзу бейімділігін ескеретін әлеуметтік-психологиялық және құқықтық әсер ету тетіктері ұсынылды. Бұл зерттеу тақырыбы үшін бұрын қарастырылмаған жаңа ғылыми тұжырымдарды енгізді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы. Теориялық тұрғыдан жұмыс отандық ювеналдық юстиция мен әкімшілік деликтология ғылымына елеулі үлес қосып отыр. Автор әкімшілік-құқықтық реттеудің дәстүрлі тәсілдері мен заманауи кибер кеңістіктің арақатынасын талдай отырып, жаңа ғылыми ұстанымдар қалыптастырады. Практикалық жағынан алғанда, ұсыныстар құқық қорғау органдары мен білім беру мекемелеріне, сонымен бірге заң шығару қызметіне пайдалы болуы мүмкін. Цифрлық дәлелдемелерді бекіту, ата-аналар мен мектептердің құқықтық жауаптылығын арттыру бағытындағы ұсыныстар кәмелетке толмағандарды интернеттегі теріс әрекеттерден қорғауға бағытталған.

Теориялық тұрғыдан алғанда, бұл зерттеу ювеналдық юстиция, киберқұқық, әлеуметтік және педагогикалық сараптама ұштасатын көпсалалы тақырыпқа отандық құқықтық ғылымның назарын аударып, жаңа әдіснамалық бағыттарды дамытады. Практикалық мәні де айқын: алдын ала зерттеу барысында жасалған ұсыныстарымызды құқыққорғау органдары, білім беру мекемелері мен ата-аналар қауымдастығы бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларында басшылыққа алуы ықтимал. Заң жобаларына түзетулер енгізу немесе баланың интернет кеңістігіндегі жауаптылығын нақтылайтын нұсқаулықтар әзірлеуде де осы жұмыстың нәтижелері қажетті анықтама бола алады. Қазіргі кезде Қазақстандағы цифрлық құқықтың даму үдерісі «Бала құқықтары туралы» заңға енгізілген түзетулерден бастау алғанымен, әлі де кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесін тиянақты айқындайтын және кибер құқық бұзушылықтың салдарын нақты әкімшілік реттеуге жол ашатын ережелер толыққанды қалыптасқан жоқ.

Сондықтан бұл диссертациялық зерттеу еліміздегі интернет кеңістігінде орын алып жатқан осал тұстарды жою үшін де, халықаралық стандарттарға

сәйкес баланың мүддесін қорғау үшін де теориялық және тәжірибелік негіз қалыптастырады.

Жалпы баға. Диссертациялық жұмыс мазмұны жағынан терең, құрылымы жүйелі және ғылыми аппараты дәл. Жұмыстың жаңалығы мен өзектілігі заманау ицифрлық кеңістіктегі құқық бұзушылықтар мен күрес саласында маңызды рөл атқарады. Автор жүргізген зерттеу мен тұжырымдар Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың құқықтық қорғалуын күшейтуге үлес қосады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Карипбаев Жасұлан Болатбекұлының диссертациялық жұмысы белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді және «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынылуы мүмкін деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
Ұлттық университетінің
з.ғ.д.,профессор Ж.И. Ибрагимов

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАДР ҚЫЗМЕТІ
«___» 20___ г.

ЛН ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА"
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY NON-PROFIT JOINT STOCK COMPANY